«6D020100–Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертация

АҢДАТПАСЫ

Ақберген Аблай-хан Ибраимұлы

Қазіргі қазақстандық қоғамдағы әлеуметтік құндылықтардың трансформациялануы

Зерттеу тақырыбының өзектілігі:

Бүгінгі таңда құндылықтар мәселесі гуманитарлық ғылымдар мәселелерінің қатарында маңызды тақырыптардың бірі болып табылады, ол жекелеген философиялық ғылым аксиологиямен ғана байланысты емес. Зерттеу тақырыбының маңыздылығы бұл мәселені түсіндірудегі қарама-қайшылықтардан туындайды. Бүгінгі таңда «құндылықтар» деген бірыңғай ұғым жоқ. Құндылықтарды әртүрлі өлшемшарттар мен тәсілдер бойынша сыныптаудың алуан түрлері бар. Құндылықтар өзінің қоғамның мәдени, әлеуметтік институттарына орасан ықпалына байланысты бөлек зерттеуді қажет ететіні баршаға мәлім. Диссертация тақырыбын таңдау қазіргі қоғам өмір сүруге мәжбүр шарттарға негізделген. Біз қазіргі қоғамның одан сайын технологияланып, жаһандану үдерістерінің күшейіп бара жатқанына куәміз. Мемлекеттердің басым бөлігін қамтыған жаһандану үдерісінің жағымды жақтары ғана емес, сондай-ақ байлар мен кедейлер арасындағы теңсіздік, экологиялық ахуалдың нашарлауы, терроризм және ксенофобияның ұлғаюы сияқты жағымсыз жақтары да бар. Қазіргі кезде орын алып жатқан қақтығыстар мәдени қарама-қайшылықтар салдарынан болып жатыр деген оймен келісуге болады (С. Хантингтон). Көптеген зерттеушілер, құндылықтар дегеніміз әрбір нақты мәдениет туындайтын негіз деп ойлағандықтан, құндылықтар мен мәдениет арасына теңдік белгісін қояды. Мәдениеттер қалыпты қатар өмір сүруі және диалог құруы үшін қоғам өмірінде құндылықтардың рөлін түсіну, жаңа өркениетті даму бағдарларын ойлап табу қажет. Құндылықтарды қалыптастыру үдерісін түсіну, осы үдеріске мүмкіндік туғызатын детерминанттарды анықтау, жаһандық әлемдегі құндылықтардың «динамикалық» сипатын анықтау маңызды. Қазіргі қоғамның құндылықтары әлеуметтік-мәдение эволюцияның аралық әсерімен талданады, бұл «дәстүрлі» және «адамзатқа ортақ» құндылықтарға жаңаша қарауға, жеке тұлғаны әлеуметтік-психологиялық бағдарлау тұрғысынан әлеуметтік құндылықтар мәселесін әзірлеуге, адамның белсенділігін уәждеуге, этикалық реттеуге, құндылықты бағдарлауды таңдау және бағалауды әлеуметтік-этикалық анықтауға мүмкіндік береді. Әлеуметтік құндылықтар саласы жаһандық даму, әлеуметтік қатынастарды жаңғырту, қазіргі қоғам мен адамның тіршілік қызметі жағдайлары мен нормаларын өзгерту жағдайында аса қажетті мәселе болып табылады.

Қазіргі қазақстандық қоғамның әлеуметтік құндылықтары әртүрлі – экономикалық, саяси, мәдени факторлардың әсеріне байланысты тұтас болып

қала алмайды. Бір ғасыр бұрын, шын мәнісінде феодалдық қоғамда өмір сүрген Қазақстан социалистік қоғам құруды бастады. Соңғы жиырма жыл бұрын Қазақстан экономиканың нарықтық моделіне және саясат саласында демократияға көшті. Алайда дағдарыс құбылыстарының салдарынан кеңестік заманның бұрынғы құндылықтары еліміздегі аға буын өкілдерінің арасында құптау тауып отыр. Бүгінгі таңда қазақстандықтар жаңадан туындаған тникалық бояуы бар дәстүрлі құндылықтардың куәгерлері болып табылады.

Әлеуметтік құндылықтар жайында сөз қозғағанда, ең алдымен еркіндікті, толеранттықты, гуманизмді, отбасын, отансүйгіштікті, еңбекті, тұтынуды бөліп қарастырғымыз келеді. Заманауи қарым-қатынас тәсілдері, әлемнің басым бөлігінде нарықтық қатынастарға тартылуы, мемлекеттердің басым көпшілігінің еңбекті және шикізат пен өткізу нарықтарын әлемдік бөлудің алып орбитасына тартылуы қазіргі қазақстандық қоғам құндылықтарының трансформациялануына орасан зор ықпал ететінін айта кеткен жөн. БАҚ, телевизия, Интернет бұрынғы, мәдени-тарихи тәжірибені ретрансляциялаудың қалыптасқан тәсілдері болса да, өзгерте отырып, өз шартты ережелерімен және «ескерткіштерімен» жаңа мәдениет қалыптастыруда. Көпірме «жаһандық ауыл» жағдайында өз мәдени кодтары арқылы жаңа медиа адамдардың құндылық мақсаттарына тікелей әсер ететін жаңа «тіл» ойлап табуда.

Экономикалық өзгерістер – құндылықтарды трансформациялаудың аса маңызды факторларының бірі. Егер қазіргі қазақстандық қоғам туралы айтатын болсақ – онда бұл жерде өзінің бар жақсы және жаман жақтарымен нарықтық экономика туралы сөз болмақ. Бздің еліміз бен басқа мемлекеттер арасында құрылатын, сонымен бірге қазақстандық қоғамның ішіндегі экономикалық қатынастар көбінесе халықтың бір бөлігінде ностальгиялық сезімдер туғызып, бұрынғы құндылықтарды өзгертеді. Нарық түріндегі экономика «кеңестік адамның кеңестік құндылықтарын» ғана емес, сондай-ақ дәстүрлі құндылықтарды да өзгертеді. Ал егер дәстүрлі құндылықтарды трансформациялау туралы да сөз болса, онда қоғамның сәйкестігін өзгерту, ұлттық «Менін» қалыптастыру туралы болмақ. Жас мемлекет ретінде біз үшін әлі де дәстүрлі немесе жартылай дәстүрлі қоғам мен нарықтық қатынас арасындағы өтпелі кезеңге тап болған басқа елдердің тәжірибесі де ескерілуі тиіс. Әлемдік тәжірибені елемеу «нарықтық қатынастарға көндіге алмаған», жаңа дәуірдің құндылықтарын қабылдай алмаған қоғамның бір бөлігінің дүбәралануына, азғынданuына әкеп соғуы мүмкін.

Мәселенің ғылыми әзірлену дәрежесі. Құндылықтар мәселесі, аксиология жеке ғылымына ол бірден бөліп берілмесе де, философия тарихында кеңінен ұсынылған. Алғаш рет «аксиология» терминін енгізген француз философы П. Лапи болды. Жалпы мақсаттар немесе игілік туралы ілім ретінде түсінілген құндылықтар мәселесімен Сократ, Платон, Аристотель, Әл Фараби айналысқанына қарамастан, жалпы теориялық құндылық ілімін әзірлеумен И. Кант, Г. Гегель айналысқан. Аксиологиялық мәселелерге жаппай қызығушылық таныту XX ғасырда орын алды, бұл

философ экзистенциалисттер М. Хайдеггера мен Ж. Сартрдің атымен байланысты. Егер Хайдеггердің экзистенциализмінде онтологиялық талдау аксиологиялық проблематиканы қабылдамауға айналса, ал Сартр құндылық өзінше бір нормативтік шынайылық ретінде адамның өз жасампаздығы актісінен, оның өз ойын еркін білдіруінен туындайды деген тұжырымға келеді. Индустрияланудан кейінгі қоғамның құндылықтар теориясында Франкфурт философия мектебінің өкілдері – Э. Фромм, Г. Маркузе, Т. Адорно, В. Беньямин, М. Хоркхаймердің еңбектері ерекше рөл атқарды.

Экономика, еңбек құндылықтарын талдаумен батыс ғалымдарының арасында Д. Белл, Э. Тоффлер, Ж. Бодрийяр, З. Бауман, Д. Ритцер, У. Кимлика, Т. Палмер айналысты. Масс-медианың, Интернеттің қазіргі қоғамда құндылықтар қалыптастыруға әсері туралы С. Жижек, М. Кастельс, М. Маклюэн, П. Бурдье, Д. Рашкофф өз еңбектерінде сөз етті. Құндылықтар мен саясаттың өзара байланысы С. Хантигтон, И. Валлерстайн, М. Фуко, Х. Арендт, П. Брюкнер, П. Бьюкененнің еңбектерінде жазылған. Жаһандану контексіндегі құндылықтар Н. Луман, У. Бек, Б. Андерсонның еңбектерінде қамтылған.

Әдіснамалық және теориялық тұрғыдан диссертациялық жұмысты жазу кезінде ресейлік авторлар еңбектерінің маңызы орасан зор. Құндылықтар мәселелері жайында А. Ахиезер, А. Арзамасцев, Л. Баева, Б. Бессонов, В. Большаков, Н. Костенко, К. Делокаров, И. Докучаев, Л. Дробижева, В. Хализев, В. Ильин, А. Коротаев, Л. Мантатова, П. Матвеев, Л. Микешина, Н. Розов, А. Ципко, Б. Старостин жазды. Кеңестік философ О. Дробницкийдің еңбегін атСтоит отметить работы советского философа О. Дробницкогоп өткен жөн, оның марксистік аксиологияға берген түсіндірмесі құндылықтарды айындау проблематикасында зерттеулер үшін негіз бола алады. Бүгінгі таңда аса қызықты тұжырымдамалардың бірі ретінде «Философия ценностей и ранняя аксиологическая мысль» атты монографияда берілген ресейлік философ В. Шохиннің аксиологиялық моделі назар аударуға лайық.

Қазақ мәдениетінің дәстүрлі құндылықтары тәсілдерін салыстыру кезінде кеңестік кезеңдегі жұмыстарға – Д. Кшибековтың «Кочевое общество: генезис, развитие, упадок» және К. Ш. Шулембаевтың «Маги, боги и действительность» атты еңбектеріне баса назар аударған жөн.

Отандық ғылымда көптеген авторлар өз еңбектерін қазақстандық қоғамның жаһандану, жаңғыртылу үдерістері тұрғысынан әлеуметтік құндылықтарды зерттей отырып, құндылық проблематикасына арнаған, атап айтқанда: К.У. Әлжан, Г.К. Абдигалиева, Г.С. Абдирайымова, Г.Г. Барлыбаева, Т.Х. Ғабитов, В.Ю. Дунаев, М.С. Жетпісбаева, З.Н. Исмағамбетова, А.Г. Карабаева, К.М. Қоңырбаева, А.Г. Косиченко, В.Д. Курганская, Б.Г. Нұржанов, С.Е. Нұрмұратов, А.Н. Нысанбаев, М.С. Орынбеков, А. Сағиқызы, О. Сегізбаев, Г. Соловьева, М.Ш. Хасанов, М.С. Шайкемелев, З.К. Шаукенова. Монографиялардың бір бөлігі орындалған іргелі жобалардың шеңберінде жарыққа шыққанын атап өткен жөн.

Қазақстандық социумның сәйкестігін зерделеу контексіндегі әлеуметтік құндылықтар Р.К. Қадыржановтың «Этнокультурный символизм и национальная идентичность Казахстана», М.С. Шайкемелевтің «Казахская идентичность» атты еңбектерінде қамтылған. К.И. Нұровтың «Казакстан: национальная идея и традиции» атты еңбегі қызығушылық тудырады, онда еркіндік қазақ қоғамының аса маңызды құндылығы болып табылады және дәл сол себептен оны дамыту перманенттік экономикалық, рухани дағдарыс жағдайында біздің қоғамды қайта жандандыру үшін қажет деп көрсетілген. Қазіргі кезеңдегі қазақ халқының дәстүрлі құндылықтары «Қазақ руханияты: тарихи-философиялық және этномәдени негіздер», «Қазақ эстетикасының құндылықтық-мағыналық негіздері», «Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік-философиялық талдау» атты монографияларда қамтылған.

Қазіргі қазақстандық қоғамға арналған батыс ғалымдарының зерттеулері ерекше назар аударуға тұрарлық. Олардың ішінде М. Олкотттың «Казахстан: непройденный путь» атты еңбегін бөліп қарастыруға болады, онда Қазақстан тәуелсіздігі тарихындағы өтпелі кезеңге сипаттама берілген, қазақстан қоғамының әлеуметтік саласындағы бірқатар қиындықтар атап көрсетілген. Қазақстандық қоғамның трансформациялануы Қазақстандағы кеңестік дәуірден кейінгі аласапыран ахуалға арналған Д. Назпаридің зерттеулерінде берілген, онда далалық зерттеулердің бай эмпирикалық материалы қамтылған. Құндылықтар трансформациясы, қазақстандық қоғамда сәйкестікті қалыптастыру мәселелерін Й. Бингол, Д. Блум, Д. Джонсон, С. Каммингс, Р. Сандерс, И. Давенел, Г. Емельянова, Р. Исаакс өз еңбектерінде қарастырған.

Жұмыстың мақсаты: қазіргі қазақстандық қоғамның «әлеуметтік құндылығы» мазмұнын анықтаудан және қазіргі заман шындығы тұрғысынан әлеуметтік құндылықтарды трансформациялау үдерісін қарастырудан тұрады.

Зерттеу міндеттері:

- постматериалистік құндылықтар тұжырымдамасы мен модернизмнен кейінгі мәдениеттің өзара байланысын зерттеу;
- постмодерн жағдайында әлеуметтік құндылықтар трансформациясына әсер ететін факторлар ретінде масс-медианың, жарнаманың, Интернеттің рөлін ашу;
- қазіргі қазақстандық қоғамның әлеуметтік құндылықтарының мазмұнын және оларды трансформациялау себептерін ашу;
- қазіргі қазақстандық қоғамдағы әлеуметтік құндылықтар ретінде толеранттық пен еркіндіктің жай-күйі мен мазмұнына талдау жасау;
- қазіргі қазақстандық қоғамның трансформациялануы жағдайында дәстүрлі құндылықтардың жай-күйі мен рөлін көрсету.

Зерттеу объектісі: қазіргі қазастандық қоғамның әлеуметтік құндылықтары, олардың мәдени, жеке, рухани, ақпараттық, идеологиялық мағынасы мен мазмұны.

Зерттеу мәні: қазіргі қазақстандық қоғамдағы әлеуметтік құндылықтардың трансформациялану үдерісі, өзара іс-қимылы, түйсіну, дамыту.

Диссертациялық зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері.

Қазіргі қазақтандық қоғамның әлеуметтік құндылықтарын талдау кезінде Г.С. Абдирайымованың жетекшілік етуімен жүргізілген әлеуметтану зерттеулерінің деректері, сондай-ақ азақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитетінің Философия, саясаттану және дінтану институтының жанындағы ргелі жобалар шеңберінде жүргізілген ғылыми зерттеулердің нәтижелері пайдаланылды. Жоғарыда аталған эмпирикалық материал еркін қолжетімдікте ұсынылған бірқатар монографияларда берілген.

Жаһандану жағдайында әлеуметтік құндылықтардың трансформациялануын теориялық ұғынуда Р. Инглхарттың бірқатар еңбегінде ұсынылған оның теориясының маңызы зор. Дамыған елдерге тән негізгі құндылықтар мен артықшылықтар шамалы дамыған елдердегі тұрғындардың құндылықтары мен артықшылықтарынан түбегейлі ерекшеленеді, бұл құндылықтар әлеуметтік-экономикалық даму процесінде World Values Survey (WVS) және European Values Survey (EVS) көпжылдық зерттеу материалдарына сүйене отырып, болжамданатын бағытта бірте-бірте дами береді. Құндылықтардың өзгеруі азаматтық құқықтар мен бостандықтардың дамуына, либералды-демократиялық құндылықтардың бекітілуіне ықпал ете отырып, қоғамның әлеуметтік-саяси саласындағы өзгерістерге апаратыны сөзсіз. Инглхарттың жаңғырту теориясында қоғамның экономикалық дамуы нәтижесінде постматеиаситік құндылықтарға көшу маңызды болып табылады, қоғам дамыған сайын, өзін-өзі дамытуға бағытталған құндылықтардың рөлі арта түседі. Жергілікті мәдениет үшін дәстүрлі құндылықтар ең алдымен басқа мәдениеттің ықпалына емес, объективті әлеуметтік-экономикалық себептерге байланысты трансформациялауға ұшырайды.

Диссертациялық зерттеу әдіснамасының негізгі өзегі талдамалық, феноменологиялық және герменевтикалық әдістер мүмкіндіктерін, сондай-ақ дәстүрлі классикалық философиялық рефлексияға тән әдістерді біріктіретін кешенді тәсіл болып табылады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- құндылықтардың постматериалистік тұжырымдамасы мен модернизмнен кейінгі мәдениет арасындағы өзара байланыс ашылған;
- медиа-технологиялардың, бұқаралық мәдениеттің әлемнің қазіргі жаһандану жағдайындағы құндылықтар трансформациясына әсері көрсетілген;
- экономикалық факторлардың қазіргі қазақстандық қоғамның әлеуметтік құндылықтарының трансформациялану үдерісіне әсері негізделген;

- қазіргі қазақстандық қоғамның әлеметтік құндылықтары ретінде толеранттық пен еркіндіктің мазмұнды жағына талдау жасалды;

- жаһандану жағдайында қазақ мәдениетінің дәстүрлі құндылықтарының трансформациялану үдерісі ашылған.

Қорғауға шығарылатын негізгі ережелер.

1. Нарықтық экономиканың басымдығы, қоғам өмірінің барлық салаларына желілік технологиялардың енуі, ұлтты нарықтарды трансұлтты компаниялармен жұтылуы жағдайында модернизмнен кейінгі мәдениет заңды феномен болып табылады. Модернизмнен кейінгі мәдениет социумына постматериалистік құндылықтар тән, онда саясатқа, білім мен ғылымға ерекше көңіл бөлінеді. Сонымен бірге, мәдение дәстүрлер қоғамның бұрын өзіне тән болмаған жаңа құндылықтарды «импорттау» талпынысына төзімділігіне әсер етеді.

2. Интернет-технологиялардың екпінді дамуы есебінен медиамәдениеттің гүлденуі оны қазіргі әлемдегі әлеуметтік құндылықтарды трансформациялаудың басты факторларының бірі болып табылады. Меметикалық мәдениет қазіргі мәдениеттің айтарлықтай жаңа құбылысы ретінде аталмыш «мәдени багаждың» бұрынғы өлшемдеріне баламасын ұсына отырып, өзінің өлшем бірліктері мен өмір сүруі – мемі бар. Қазіргі қоғамның артышылықтары тұрғысынан дәстүрлі құндылықтар ғылыми білімның дамуына, қоғамды барынша секуляризациялауға байланысты төменгі позицияларды алады.

3. Қазіргі қазақстандық қоғамның әлеуметтік құндылықтарын трансформациялауға әсер ететін бірқатар факторлардың арасында экономикалық сипаттағы факторлардың маңызы аса зор. Экономикалық саладағы өзгерістер социумдағы құндылық артықшылықтарын қалыптастыруға тікелей әсер етеді. Экономикалық тұрақсыздық жағдайында адамдар материалдық әл-ауқат, отбасы, денсаулық сияқты «өмірлік маңызы бар», «негіз боларлық» құндылықтарға басымдық беруге бейім. Аталмыш постматериалистік сипаттағы құндылықтар (өзін-өзі таныту, дарашылдық, еркіндік және т.б.) орташа есеппен кем дегенде екі буынды бастан өткерген кезеңде экономикалық сипаттағы қатты толқулар мен дағдарыстарға ұшырамаған қоғамға тән.

4. Қазіргі қазақстандық қоғамда толеранттық пен бостандық құндылықтары қазақстандықтардың, әрине, мәдение ерекшеліктері мен салт-дәстүрлерін ескере отырып, азаматтық тиесілігі факторы бойынша сәйкестігін нығайту және қалыптастыру үшін маңызды. Осы құндылықтарды елемеген жағдайда қоғам ішінде әртүрлі топтар арасында шынайы диалог құру мүмкін емес, қоғамның ғылыми, шығармашылық, саяси өмірінің қызмет етуін елестету қиын.

5. Қазіргі қазақстандық қоғамдағы дәстүрлі құндылықтар көбінесе қоғамда және сарапшылар арасында біркелкі түсіндірілмейтін дәстүрлі қазақ құндылықтары ретінде түсініледі. Мемлекет өнер (кино, опера, театрландырылған қойылымдар, дәстүрлі конфессияларды қолдау, дәстүрлі

мейрамдарды ресми тойлау) арқылы дәстүрлі құндылықтарды бойынша сіңірген қазақ қоғамының бейнесін қалыптастыра отырып, сәйкестікті қалыптастыруда өз тұжырымдамасын ұсынып отыр. Нарықтық экономика дінге, отбасына, еңбекке, білімге көзқарасына әсер ете отырып, қазақстандық қоғамдағы бұрынғы құндылықтарды трансформациялау факторы болып табылады.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы:

Жұмыс нәтижелері әлеуметтік философия, аксиология, мәдениеттану бойынша дәріс курстарын оқыған кезде, әлеуметтік, геосаяси болжамдау мәселелері жөніндегі ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерде, философиялық және әлеуметтік жүйелерді жобалау кезінде пайдаланылуы мүмкін.

Диссертациялық зерттеу нәтижелерінің апробациясы.

Диссертациялық зерттеу нәтижелері докторанттардың ғылыми-әдістемелік семинарларында және Әл Фараби атындағы ҚазҰУ философия кафедрасының отырыстарында талқыланды. Диссертациялық зерттеудің негізгі идеялары, тұжырымдары 11 ғылыми жұмыста көрініс тапты, олардың ішінде 3 – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда, 3 – халықаралық конференциялардың материалдарында, 3 – шетелдік халықаралық конференциялардың материалдарында, 1 – Scopus компаниясының деректер базасына кіретін басылымдарда жарияланды, 1 – авторлық куәлік.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен көлемі. Диссертациялық зерттеу кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.